

## Түсінік хат

«Макин а. ЖОББМ» КММ-сі – оқу іс-әрекетіне деген жоғары уәжге ие оқушылардың жұмысына бағытталған білім беру орталығы болып табылады. Жаратылыстану-математикалық бағытындағы мектеп мәртебесіне ие болған білім беру мекемесі демократия мен ізгілік, қолжетімділік пен ашықтық, жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдылығы, білім берудің зайырлы сипаты қағидалары негізінде оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырады.

Мектептің негізгі оқу міндеттері оқушылардың бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес оларды тереңдетілген, бейінді және саралап оқыту, негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру болып табылады.

Мектеп мәртебесі – орта мектеп. 2021-2022 оқу жылында мектепте 23 сынып жинақтары бар. Қазақ тілінде білім алатын сыныптар – 10, орыс тілінде білім алатын сыныптар – 13. Сонымен қатар, орыс және қазақ тілдерінде оқытылатын 2 мектепалды даярлық сынып бар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет.

Мектептің ЖОЖ-н әзірлеу үшін негізге алынатын құжаттар:

### *1) мектепалды даярлық сыныптары/топтарында білім беру процесі:*

#### **Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету**

- ✓ «Білім туралы» ҚР Заңы [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_)
- ✓ «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
- ✓ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_)
- ✓ «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» ҚР Заңы [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_)
- ✓ «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңы [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_)
- ✓ Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>
- ✓ «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015893>
- ✓ «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>
- ✓ «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

- ✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары»  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>
- ✓ «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018172>
- ✓ «Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары»  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>
- ✓ «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары»  
[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077_)
- ✓ «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары»  
[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750_)
- ✓ «Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары»  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>
- ✓ «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары»  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>
- ✓ «Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар»  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>
- ✓ «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растай) қағидалары»  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020618>

## **2) 1-4-сыныптарда, 5-9 сыныптарда, 11 сыныпта білім беру процесі:**

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>;

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496с бұйрық) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>;  
«Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы);

– «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы;

– «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы;

– «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы;

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы (өзгерістермен 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 477 бұйрық);

– «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы (өзгерістер мен толықтыруларымен 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №662 бұйрық);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы;

– «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы;

– «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы;

– «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 бұйрығы;

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпыорта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістеренгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығы;

– «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы;

– «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы;

– «Педагогтік қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 17 наурыздағы № 110 бұйрығы;

– «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 23 сәуірдегі №157 бұйрығы);

– «Үздік педагог» атағын иеленушіге сыйақы төлеу қағидаларын және оның мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 204 қаулысы;

– «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы;

– «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығы);

– «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы);

– «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы.

Құрылымдық жұмыс оқу жоспары үш компоненттен тұрады: тұрақты таңдаулы (базалық), вариативтік компонент (элективті курстар, факультативтер), жеке және топтық жұмыстар.

Оқу жоспарының тұрақты бөлігінің білім беру салалары мен оқу пәндері жалпы білім беретін оқу мекемелерінің барлық типтері мен түрлеріне міндетті болып табылады. Тұрақты бөлігінің пәндері оқушыларды жалпы мәдени және ұлттық мәнді құндылықтарға араластырады, оқушыларда қоғамдық мұраттарға сәйкес келетін жеке қасиеттер қалыптастырады.

Тиісті деңгейдегі білім беру мазмұнының вариативті компоненті білім беру мазмұнының мектеп және оқушы компоненттерімен көрсетілген. Оқу жоспарының мектеп компонентінің сағаты оқушылармен меңгерілетін міндетті болып табылады және таңдау бойынша пәндерді, қолданбалы өнерді меңгеруде қолданылады.

Білім беру мазмұнының вариативті бөлігі орта білім беруді нақты ұйымдастырудың спецификасын қамтып көрсетеді; бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлерінің оқу пәндерінің мемлекеттік стандарттарының шегінен тыс қосымша оқу бағдарламаларының білім беру мекемелерімен әзірлеуге және жүзеге асыруға бағытталған. Курстардың бағдарламалары мектеп мұғалімдерімен әзірленеді де ауданның сарапшы кеңесіне бекітуге беріледі.

1-4-сыныптардағы вариативті компонент таңдау бойынша пәндермен, жеке және топтық кеңестермен көрсетілген.

### **Мектепалды даярлық**

Мектепалды даярлық сыныптарда оқыту (2 сынып – 16 оқушы) қазақ сыныптарында 4 оқушы, орыс сыныбында 12 оқушы. Мектепалды даярлық сыныптарындағы оқу жылының ұзақтығы 32 оқу аптасын құрайды. Сабақтар бескүндік режимде, аптасына 20 сағатты құрайтын оқу жүктемесімен өткізіледі.

Сабақтарды анықтау барысында мектеп ЖОЖ-н таңдау бойынша педагогикалық кеңестің шешімімен келесі қосымша сағаттар (вариативті компонент) енгізілді:

мектепалды сынып үшін вариативтік курстар:

барлығы 3 сағат – 0 «А» Г.Ж. Даулетбаева - «Оқып, жазып үйренеміз» 1 сағ., «Қызықты математика» 1 сағ.; «Шебер қолдар» 1 сағат.

«*Оқып жазып үйренеміз*» таңдау пәнінің негізгі мақсаты –қазақ әліпбиіндегі әріптерді, сөздерді, сөйлемдерді, көркем, түсінікті, таза жазуға дағдыландыру.Каллиграфия ережелерін сабақ үстінде оқушыларға толық меңгерту оңайға түспейді. Сондықтан да, оқушылардың каллиграфиясын қалыптастыруда бұл пәннің рөлі ерекше.Көркем жазу оқушыларды сауаттылыққа, ұқыптылыққа, оқушылардың каллиграфиялық қабілетін қалыптастырудың педагогикалық, қоғамдық тәрбиелік маңызы зор. Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстарын жұмыстар оқушы бойына жақсы қасиеттердің қалыптасуына әсер етеді.Оқушылардың жазу дағдысын көркемдеу, сұлу әрі әдемі жазуға машықтандыру болып табылады.Ауызекі және жазбаша тілде қарым – қатынас жасау дағдыларын дамыту, орфографиялық дағдылар мен көркем жазу дағдыларын қалыптастыру.Жазудың түрлі тәсілдері көшіріп жазу, әріптік,буындық,сөздік арқылы сауатты жазуға үйрету.

«*Қызықты математика*» қосымша курсының басты мақсаты : баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.Есептерді әр түрлі тәсілдермен ойын арқылы шешуге, логикалық ойлауға,ойының тереңдігі мен икемділігін қарқынды дамытуға ықпал етеді.Түрлі жолдармен есептерді шығару оқушылардың өз бетінше айналысуына қосымша мүмкіндік туғызады, күнделікті өмірдегі кездейсоқ жағдайаттардан жол табу қабілеттерін дамуын қалыптастыратын әрекеттерді дамыту бағытын ұсынады.

«*Шебер қолдар*» қосымша курсының басты мақсаты: Оқушылардың технологиялық сауаттылығын қалыптастыру, әлемдік –экономикалық мәнін түсіндіру, оқыту арқылы оқушылардың еңбекке деген қабілетін дамыту,адамгершілік қатынастарды қалыптастыру, іскерлікке, шеберлікке баулу.Ата – бабаларымыздың ұлттық дәстүрлері мен қолөнерін оған әрі

дамытуға бағыттау. Бастаған жұмысын тыңғылықты орындауға тәрбиелеу болып табылады.

#### *Бастауыш саты*

Сабақтар бескүндік режим жұмысында жүргізіледі. 1-4-сыныптар үшін оқу сағаттарының бөлінуі типтік оқу жоспарына сәйкес келеді:

#### *Қазақ тілінде оқытылатын сыныптар (тұрақты)*

1-сынып – 22,5 сағат

2-сынып – 23 сағат

3-сынып – 26 сағат

4-сынып – 26 сағат

2021-2022 оқу жылында оқыту жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 /11-қосымша/. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (қысқартылған оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған.

1 -4-сынып оқушылары жаңартылған білім мазмұны бойынша оқуды жалғастыратын болғандықтан, сабақтарды анықтау барысында мектеп ЖОЖ-н таңдау бойынша педагогикалық кеңестің шешімімен келесі қосымша сағаттар енгізілді:

3А және 4А сыныптарда вариативтық компонентінен «Қызықты математика»-1сағат курсы өткізіледі Ж.Бөкен

Аталған сыныптарда – «Қызықты математика» қолданбалы курсы 34 сағатты құрайды, аптасына 1 рет өткізіледі. «Қызықты математика» қызықты қолданбалы курсының негізгі бағыты: оқу –іс әрекеттерін өз бетімен жоспарлауды , бақылауды орынды қолдануды үйретеді. Әр түрлі кесте бойынша есептер құрастырып жаттықтырады. Шамаларды салыстыра білуге, кез- келген есепті өз көзқарасы бойынша шығара білуге дағдыландырады, оқушылар өз ойын дәлелдей білуге жаттығады.

Мектепшілік үйірмелерінің балаға берер тәрбиесі өте мол. Ең алдымен баланы қолөнерге, іске бейімділігімен иемділігі қалыптасады, шығармашылық қабілеті артады, оқушының шығармашылық ізденісі пайда болады. Оқушылар өздігімен еңбек етуге баулып техникалық ережесін білуге машықтанады.

1-4 сыныптар үшін «Қимыл-қозғалыс ойындар» 1 сағат вариативтық курсы денешынықтыру пән мұғалімі Хуаныш А ұйымдастырады. Мақсаты: бастауыш сынып оқушыларын салауатты өмір салтын дұрыс ұстануға және сабақ барысында қимыл қозғалысы мол ойындарды кеңінен пайдалануға бағытталған. Бұл сабақтарда оқушылар әртүрлі спорттық ойындармен шұғылданып, денсаулықтарын нығайтады. Сонымен қатар, оқушылар үшін «Асық ату», «Тоғыз құмалақ», «Қазақша күрес», «Шашки» және «Шахмат» ойындары да қарастырылған.

#### *5-9 сыныптар. Қазақ тілінде оқытылатын сыныптар*

2021-2022 оқу жылында оқыту жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 /16-қосымша/. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (қысқартылған оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған.

5-9 сыныптар үшін ата-аналардың өтініші бойынша тереңдітілген деңгейде оқытылатын 3 пән таңдалды . Таңдау пәндер: Физика-2сағ Жасан Г.Е, География-2сағ Абдрахманова Б.К, Биология 2сағ Маукишева Р.О. Сонымен қатар, осы сыныптарда вариативтік компонентінен келесі элективті курстар оқытылады:

5 Асынып –«Жас суретші» аптасына 1 сағат, Скачек С.С

6А сынып- «Экология» аптасына 1 сағат, Маукишева Р.О. «**Экология**» курсы білім алушыларды экологияның негізгі заңдылықтарымен таныстырады, өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа позитивті, ұқыпты қарауды үйретеді.

«Жас инспектор» үйірмесі Н.Д.Абжанов, аптасына 1 рет, 34 сағатты құрайды.

оқушылардың белсенді өмірлік бағыт-бағдарларын қалыптастыру;  
-көшелер мен жолдардағы қауіпсіздік ережелерін оқып үйрену, жол қауіпсіздігі ережелерін (ЖҚЕ) насихаттау, оқушылар арасында ЖҚЕ байланысты шаралар ұйымдастыру;  
- жол-көлік оқиғаларынан (ЖҚО) зардап шеккендерге көмек көрсету ісіне машықтану.

8А сынып «Жас дарын» М.С.Абжанова аптасына 1 рет, 34 сағатты құрайды. Курстың мақсаты: баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту. Ғылыми білімді практикамен теориялық негізде жүзеге асыру.

9А сынып-1 сағат технология пәні бойынша «Модельдеу және құрастыру» курсы ұйымдастырылған . Дзирук В.И.

1 сағат-«**Зайырлылық және дінтану негіздері**» курсы оқу құқықтық және діни сауаттылықты қалыптастыруға, білім алушыларда этномәдени және дінаралық келісім негізінде азаматтық жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге бағытталған. Бейсембаева К.О

### *11 сынып. Қазақ тілінде оқытылатын сынып*

2021-2022 оқу жылында оқыту жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2021жылғы 26наурыздағы № 125 /22-қосымша/. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған **жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта** білім берудің (қысқартылған оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған.

11-сыныптарға арналған оқу жоспары жаратылыстану-математикалық бағытындағы жалпы орта білім берудің Типтік оқу жоспары негізінде құрастырылған. 11 сынып жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алады. Негізгі атаулы пәндер жүктемесі 27 сағатты құрайды. Тереңдітілген деңгейде оқытылатын пәндеріне 3 сағатты құрайтын 2 пән қарастырылған. Таңдау пәндері ата-аналарының өтініші бойынша өткізіледі: Физика -3сағ Жасан Г.Е, және География-3сағ, Абдрахманова Б.К.

**11А-сынып** - 3 сағат элективті курс бойынша таңдаудың оқушы компонентінен берілген. Олардың ішінде:

1 сағат «Жертану» Б.К.Абдрахманова. Курс халықаралық қатынас , әлемдік экономика, елтану, аймақтану, мәдениеттану, саясаттану, өнер, тарих сияқты мамандықтарды қалаған оқушыларға бағыт-бағдар, көмек береді.

1 сағат «Математикалық сауаттылықтан есептер шығару» Ж.Толеухан. Бұл курс математикаға бейімі бар оқушының қызығушылығын, сұранысын

есептерді шешу әдістерін қолдану барысында танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

1 сағат «Физика -сенің болашақ мамандығың» Жасан Г.Е. Курстың мақсаты: оқушылар бойын физика ғылымына деген шынайы құрмет пен сүйіспеншілікті дарыту және оқушыны келешек өмірге дайындау, білім алу және кәсіптік қызметті жалғастыруда кәсіби білік пен бейімділікті қалыптастыру.

1 сағат «Есеп шығару» Төлеухан Ж, мақсаты: оқушылар бойына алгебра ғылымына деген шынайы құрмет пен сүйіспеншілікті дарыту, бейімі бар оқушының қызығушылығын, сұранысын есептерді шешу әдістерін қолдану барысында танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Физика таңдау-2 сағат, География таңдау-1 сағат. Аталған пәндер бағдарламаны тереңдетіліп оқытуға бағытталған.

Стандартты деңгей: «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері»- 2 сағатты құрайды Рахимжанов Т.С.

**«Кәсіпкерлік және бизнес негіздерін»** оқи отырып, білім алушылар кәсіпкерлік негіздерін, қаржылық сауаттылықты үйренеді, экономика, менеджмент, маркетинг бойынша базалық білім алады, қазіргі нарықтық жағдайларда дербес қызмет ету үшін қажетті кәсіпкерлік ойлау дағдыларын меңгереді.

1 сағатты құрайтын «Спорттық ойындар» вариативтық курсқа берілген. Аталған курста оқушылар әртүрлі спорттық ойындарымен жаттығады. Жоғары сыныптардағы дене тәрбиесі сабақтарын спорттық ойындарымен үйлестіріп, шапшандықты, икемділікті, төзімділік сияқты дене қасиеттерін жетілдіруге бағытталған. Сонымен қатар, оқушылар үшін «Асық ату», «Тоғыз құмалақ», «Шашки» және «Шахмат» ойындары да қарастырылған. Бұл курсты дене шынықтыру мұғалімі Хуаныш А өткізеді.

*Таңдау бойынша пәндер мен элективті курстар* кестеге сәйкес негізгі пәндерден соң 45 минуттық уақытта өтеді, күнделік kz электронды журналдың соңғы сабақтарында өткізуге қарастырылған, бағалар қойылмайды.

Оқушылар компонентінің сағаттары (жеке консультациялар) бөлек кесте бойынша өткізіледі.

1-4-сыныптардағы «Жолда жүру ережелері» оқу жоспарының мазмұны сынып сағаттар есебінде жүзеге асырылады – әр сыныпта 6 сағаттан.

5-9-сыныптардағы «Жолда жүру ережелері» оқу жоспарының мазмұны сынып сағаттар есебінде жүзеге асырылады – әр сыныпта 10 сағаттан.

5-8-сыныптарда аталмыш курс сабақтан тыс уақытта сынып сағаттар мен факультативтер есебінде жүзеге асырылады.

5-9-сыныптардағы екі топқа бөліну көркем еңбек және технология (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 5-9сыныптарда сыныптың толымдылығына тәуелсіз ұлдар мен қыздар топтары),

2021-2022 оқу жылында орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің) МЖМС-на сәйкес (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 18 жылдың 31 қазан № 604 қаулысы) «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» курсы міндетті меңгеру қамсыздандырылады, сонымен төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі, т.б.) ерекше назар білім алушыларда тәжірибелік дағдыларды машықтауға аударылады.

Осыған байланысты «ӨҚН» курсы оқыту:



- 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің аясында қамсыздандырылуы керек;
- 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» пәнінің аясында;